

ӘОЖ 81'373; 001.4

А.Б. Жиекбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: aigul.kaznu@mail.ru

### Жалпы әдеби тіл арқылы енген араб сөздерінің терминденуі

Терминологиялық лексиканың жасалуына әдетте жалпыхалықтық тіл негіз болады. Терминологиядағы араб сөздерінің барлығына жуығы жалпы халықтық әдеби тілде бар сөздер болып табылады. Мақалада жалпы қолданыста жүрген араб тілінен енген бірқатар сөздердің жалпыхалықтық тілде беретін мағынасы мен термин ретінде қолданысына сипаттама беріліп, жалпы қолданыстағы лексика мен терминологиялық лексика арасындағы байланысы қарастырылады, терминді жалпы әдеби лексикадан ажырататын негізгі белгілер айқындалады.

**Түйін сөздер:** жалпыхалықтық тіл, салалық термин, терминдену, дефиниция, терминологиялық өріс.

A.B. Zhiyekbaeva

### Terminologization of Arabic words in the common literary language

The article discusses the interrelation between lexicon of national language and terminology lexicon.

**Key words:** national language, industry terms, terminologization, definition, terminological field.

А.Б. Жиекбаева

### Терминологизация арабских слов в общелитературном языке

В статье рассматривается взаимосвязь лексики общенародного языка и терминологической лексики.

**Ключевые слова:** общенародный язык, отраслевые термины, терминологизация, дефиниция, терминологическое поле.

Жалпы әдеби тіл немесе жалпыхалықтық атауларға белгілі бір аймақта ғана қолданумен шектеліп қалмаған, жұртшылыққа түсінікті, фольклорлық шығармаларда кеңінен қолданылып, қазақ жазушыларының шығармаларында жалғасын тапқан, әдеби тілде қолданылатын, қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріне енген, мәдени мазмұны көптеген ұғымды қамтитын тіл бірліктері жатады. Бұл топқа жататын атаулардың мән-мағынасы сол тілде сөйлейтіндердің баршасына дерлік түсінікті, мәдени мазмұны да ұғынықты болады.

Теориялық тұрғыдан ғылымның әрбір саласының өзінің салалық терминологиясы болады деп есептеледі, бірақ практикалық жағынан бір-біріне жақын туыстас ғылымдар терминология-

сын анықтау қиындық туғызады, сонымен бірге терминология мен жалпы әдеби лексика арасына шек қойып, айқындау да оңай шаруа емес.

Тілтанымдағы еңбектерде терминдер жүйесі мен жалпы әдеби тілдің ара салмағын анықтауда әлі күнге дейін белгілі бір ортақ пікір жоқ. Осы мәселеге байланысты терминтанудағы пікірлер екіге бөлінеді: біріншісі бойынша термин ерекше бірлік ретінде тілдік бірлік ретіндегі сөзге қарама-қарсы қойылады да, термин жүйесіндегі және жалпы қолданыстағы лексиканың айырмашылықтары айқындауға ерекше көңіл бөлінеді. А.В. Суперанская арнайы лексиканы қарастыруда әдеби тіл ұғымдарын араластырмау керектігін айтып, арнайы лексиканы нормалау ерекше болатынын ескертеді. Бұл әдеби емес, өндірістік

мақсат, терминжүйенің тәртібі негізінде болатынын айтады. Терминдердің мазмұны, олардың жүйелі түрде ұйымдасуы, басқа сөздермен тіркесімділік қабілеті, терминжасам үлгілері (модель) – мұның бәрі жалпы қолданыс ауқымына кірмейді, демек, әдеби тіл ауқымынан да тыс жатады екен [1, 286, 60-61-б.]. Екінші бағыттағы зерттеушілер (В.П. Даниленко, В.В. Виноградов, Н.З. Котелова, М.Т. Кабре және басқалары) терминологиялық лексиканы жалпы әдеби тілдің бір бөлігі ретінде қарастырады. В.П. Даниленко екінші бағыттағы зерттеушілердің пікірін жоққа шығара отырып, өзінің пікірін былай деп қорытындылайды: «Язык науки, или – шире – профессиональный язык, – это функциональная подсистема общелитературного языка, имеющая ограниченную, но четкую функцию профессиональной коммуникации» [2, 10-б.]. Осылайша, терминжүйе дегеніміз жалпы әдеби тіл жүйесінің бір бөлігі екеніне көз жеткізіп отырмыз. Тіл біліміндегі әдебиеттерде терминология да жалпы әдеби тілдің заңдылығына сай дамиды деген пікір орнығып үлгерді. Терминология жалпы әдеби лексиканың бір бөлігі болып саналады. Сондықтан да терминжүйе де жалпы әдеби лексикаға тән лексика-семантикалық ерекшеліктерге жауап береді, оның даму үрдісі әдеби лексиканың даму үдерісі мен функционалды қолданысына сәйкес келеді.

Термин де сөз секілді фонетикалық және графикалық формаға ие, қарапайым немесе күрделі морфологиялық құрылымымен ерекшеленеді. Жалпы халықтық тіл мен терминология арасында ауыс-түйіс үнемі болып тұрады, осының нәтижесінде терминологиялық бірлік лексикалық бірлікке айналады немесе керісінше.

Жалпы әдеби тіл бірлігінің терминделуі арқылы бір термин ғылымның бірнеше саласында әртүрлі мағынада қолданылады. Мысал ретінде бір сөздің электроэнергетика, механика, құрылыс, ақпараттану және басқа да ғылым салаларында өзінің сол салаға сәйкес мәнінде қолданылатындығын айтуға болады.

Осылайша, лексикада екі түрлі бір-біріне қарама-қайшы келетін үдеріс бар екен: оның бірі терминдену (терминологизация), басқаша айтсақ, жалпы тіл лексикасының арнайы лексикаға ауысуы болса, екіншісі кері терминдену (банализация), яғни арнайы терминдердің жалпы әдеби тілге өтуі болып табылады. Қазақ терминологиясындағы зерттеулерде бұл мәселе қарастырылып келеді. Жалпыхалықтық сөздердің мағынасының кеңеюі немесе тарылуы, олардың

терминдер жүйесіне өтуін Ө. Айтбаев мәністік тәсіл деп атаса [3], Ш. Құрманбайұлы терминдену деп атайды [4, 56-б.]. Қ. Айсұлтанова бұл үдерісті ішкі терминдену және сыртқы терминдену деп атап, оны бір үдерістің екі жағы ретінде қарастырады. Ішкі терминдену деген бір терминдік өрістен екінші терминдік өріске өте отырып, терминдік өріс ішінде бір мағыналық дефинициядан екінші мағыналық дефиницияға ауысып қолданыла отырып қалыптасатын терминдік бірлік. Яғни терминнің ауысу үдерісі бір терминдік өріс аясында ғылымның бір саласынан екінші саласына өтуі арқылы жүреді. Ал сыртқы терминдену кезінде терминдер, мейлі ол шет тілінің сөзі болсын, мейлі сол тілдің төл сөзі болсын, терминдік өріске басқа өрістен алынып, термин ретінде қалыптасады. Мұнда термин емес сөз терминдік өріске өтіп, термин ретінде қалыптасады. Мысалы, жалпы қолданыстағы араб сөзі *қуат* физика саласына өте отырып, электр күшінің мөлшерін білдіретін термин ретінде қолданыс тапқан. Осылайша жалпы тілдік қолданыстан терминдік өріске өтіп, терминденіп отыр [5, 41-б.].

Термин арқылы белгіленген ұғым арнайы ұғымдар қатарынан шығып, жалпы тілдік семантиканың элементіне айналса, термин жалпы тілге еніп, жалпы тілге тән сөз ретінде қабылданады, сонымен бірге терминжүйеде термин ретінде де сақталады.

Терминологиялық лексиканың әдеби тілге енуінде ғылыми-техникалық білімдерді халық арасына кең жаю мақсатын көздейтін бұқаралық ақпарат құралдары үлкен қызмет атқарады.

Терминдер мен жалпы қолданыстағы лексиканың арасындағы байланыс әр түрлі болуы мүмкін: олардың бірқатары кең түрде жиі қолданылып, оны жұртшылық термин ретінде қабылдаудан қалады, ал енді бірқатары айқын белгілі терминдік қасиетін жоғалтпайды, бірақ оларды оқығандар жақсы біледі, үшіншілері тек мамандарға ғана таныс. Терминнің таралу аясы тар болған сайын оның қолданылу дәлдігі анық, ол жалпыхалықтық, тұрмыстық ұғымды емес, ғылымға қатысты ұғымды білдіреді.

Терминдік лексиканың әдеби тілде игерілуі – ол ішкі яғни лингвистикалық және сыртқы немесе экстралингвистикалық факторлар мен құбылыстар арқылы жүретін күрделі үдеріс. Терминнің арнаулы қолданыстан жалпы қолданысқа өтуі оның коммуникативті белсенділігінің арқасында, яғни терминологиялық бірліктің сөйлеу жүйесінде қолданылуымен байланысты.

Осылайша, лексиканың екі түрлі саласы арасындағы, яғни жалпы қолданыстағы лексика мен терминологиялық лексика арасындағы байланыс айқын. Бір жағынан, жалпы әдеби тілдегі лексикалық бірліктердің терминденуінен көрінсе, екінші жағынан тар шеңбердегі арнаулылықтан қолданылу ауқымы кең жалпы қолданысқа ауысуынан байқалады. Термин өзінің қатаң концептуалдығын, жүйеге тиесілігін, бір мағыналық секілді белгілерін жоғалтып, күнделікті қолданыстағы және іскери тілге енеді.

Жалпы әдеби лексика мен термин арасындағы байланысты анықтағаннан кейін, бұл екеуінің арасындағы алшақтық, айырмашылық қандай деген сауалдың тууы заңды нәрсе. Терминді жалпы әдеби лексикадан ажырататын негізгі белгілер бар. Олар төмендегідей:

Біріншіден, сөз номинативті немесе дефинитивті қызмет атқарады, егер сөз нақты атау қызметінде жұмсалса, онда ол қарапайым жай белгі ретінде қолданылады. Ал егерде сөз логикалық тұрғыдан анықтау тәсілі ретінде жұмсалса, онда ол ғылыми термин болып табылады екен [6, 16-б.]. Ұғымдардың анықтамасы немесе дефиниция дегеніміз ұғымның мазмұнын барынша ашуға ұмтылатын логикалық амал [7, 355-б.]. Демек, термин логикамен тығыз байланыста. Ұғымға анықтама беру – осы ұғымның қамтитын пәндерін осыған ұқсас басқа пәндерден ажырататын шекарасын, шегін анықтау, латын тіліндегі *terminus* деген сөздің өзі «шек, шекара, соңы» деген мағынаны білдіреді екен.

Екіншіден, терминнің ерекшелігі оның қолданылу аясына байланысты. А.А.Реформатский терминологияға ғылым, техника, саясат, басқаша айтқанда, элеуметтік болмыстың зиятты түрде ұйымдастырылған салаларына тән қасиет деген анықтама береді [8, 80б.]. Терминдердің арнаулы салаларда қолданылуы оларды бақылау және басқару қажеттілігін туғызады.

Үшіншіден, термин жүйелі, ол өзі қолданылатын саладағы басқа сөздермен тығыз байланысты. Терминнің дефинициясы сол саладағы білім ме тәжірибенің дамуымен және сол саладағы басқа да ұғымдармен байланысты.

Терминнің жоғарыда аталған белгілері белгілі бір дәрежеде сөздерге де тән: термин мен әдеби лексиканың ара жігі айқын, анық, термин арнаулы салада ғана қолданылады. Терминнің жүйелілігі шартты нәрсе, себебі ұғым қоршаған шындықты бейнелейтіндіктен, ол үнемі қозғалыста, дамуда болады, бір саладан екіншісіне ауысады, сөздер жалпы әдеби лексикадан тер-

минжүйеге немесе керісінше терминжүйеден әдеби лексикаға өтіп, олардың арасында ауыстүйіс болып тұрады.

Терминологиялық лексиканың жасалуына әдетте жалпыхалықтық тіл негіз болады. Терминологиядағы араб сөздерінің барлығына жуығы жалпы халықтық әдеби тілде бар сөздер болып табылады.

Жалпы қолданыстағы әдеби сөз терминдер қатарына өткенде өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан қол үзіп, мүлде жаңа ұғымды белгілеуі мүмкін. Мысалы арабтың *زينت* [зинатун] *зейнет* сөзі әдеби тілде «еңбек рақаты, жемісі, қызығы, игілігі» деген мағынаны береді. Ал қазір *зейнет* сөзі терминологиялық лексикада «мемлекетке еңбегі сінген және де қартайған немесе мүгедек, еңбекке жарамсыз азаматтарды ақшалай қамтамасыздандыру» деген мағынадағы бұрынғы қолданыстағы *пенсия* сөзінің орнына қолданылуда. Осы сөзден тараған туынды терминдер *зейнеткер*, *зейнетақы* секілді туынды сөз бен күрделі сөз қазір пәрменді түрде қолданылып, терминдер жүйесінде орнығып үлгерді.

Қазақ тіліндегі *жазира* сөзі арабтың *جَزِيرَة* [джазира] деген сөзінен шыққан, түпнұсқа тілдегі мағынасы – «арал, яғни жан-жағын су қоршаған материктің бір бөлігі» болып табылады. Қазақтың әдеби тілінде «байтақ жатқан ен дала, кең аймақ» деген мағынадағы, бірақ көбіне *байтақ*, *кең*, *үлкен* сын есімдерімен мағыналас сын есім ретінде қолданылып келсе, қазіргі терминдер жүйесінде *оазис* деген «шөл даладағы суы бар көгалды жер» деген мағынасы бар география терминінің орнына қолдану әрекеті бар. Бұл сөз терминдер сөздігіне енген. Бұл жерде *жазира* сөзін терминдеуге ұсынғандар аталған сөздің ұшы-қиыры жоқ кеңдік мағынасын жердің шектеулі, нақты бір бөлігі деген мағынасын алған да аралды су қоршап жататындығын, ал оазисті шөл даланың ортасындағы алқап секілді айырмашылықтарына мән бермей, оның шектеулі кеңістік аралығындағы орнына мән берген. Соның нәтижесінде лексикалық элемент ретіндегі *жазира* кең, байтақ дала болса, ал терминдік мағынасы «сахарадағы сулы, ағашты жер» мағынасын ауыстырған. Бұл екі ұғымның салыстыру негізінде табылған ұқсастығы жер бетіндегі орнында, бүтіннің бөлшегі ретіндегі белгісі болып отыр. Осылайша *жазира* сөзінен лексикалық өрістен де, терминдік өрістен де орын алған *салааралық омоним* жасалып отыр.

Ғылымды интеграциялау процесі терминсөздің семантикалық трансформациясына әке-

леді. Ғылымның дамуына сай жаңа ұғым, жаңа сапа, жаңа құбылыстар пайда болады. Оларды атау үшін лексикалық қорда бұрыннан бар бірліктер қолданылады. Нәтижесінде бір термин бірнеше терминдер өрісінде қызмет атқара бастайды. Мысалы, арабтың *ақпарат, зейін, жағдаят, оқиға* секілді сөздері әртүрлі терминдер жүйесінде бірдей қатар жұмсалып, көп мағыналы терминдер қатарында жүр. Бұл сөздердің жалпы әдеби тілдегі мағынасы мен терминдер өрісінде беретін мағынасы арасында айтарлықтай үлкен алшақтық жоқ.

Терминнің бір терминологиялық өрістен екінші терминологиялық өріске өтуі терминшығармашылығында *ішкі терминдену* деп аталады. Ал *сыртқы терминдену* кезінде терминдер терминдік өріске басқа өрістен алынып, термин ретінде қалыптасады. Яғни термин емес сөз терминологиялық өріске өтіп, термин ретінде қалыптасады. Мысалы арабтың *қуат* деген сөзі жалпытілдік қолданыстағы сөз, ол физика саласына өтіп, «электр күшінің мөлшерін білдіретін термин ретінде қолданыс тапқан. Осылайша *қуат* сөзі жалпытілдік қолданыстан, яғни сырттан терминологиялық өріске өтіп, терминденіп отыр.

Сол сияқты арабтың *қалып* сөзі ( قالب ) термин ретінде бірнеше салада қолданылады. Тамақ өндіру саласында *қалып* нан пісіруге арналған нанға белгілі бір пішін беру үшін, қоймалжың массаны ұстап тұру үшін қолданылатын ыдыс. Құрылыс және сәулет өнерінде *қалып* – фундамент құйғанда, үйдің негізін қалағанда белгілі бір форма беру үшін қолданылатын ағаш тақтайлар (опалубка). Зергерлік өнердің термині ретінде *қалып* белгілі бір үлгіде күйдірген балшықтан, темірден, сүйектен, шойыннан, тастан жасалатын, ерітілген алтын не ерітілген күмісті құйып, қалаған нұсқадағы зергерлік бұйымды дайындайтын немесе оқ, ер-тұрманның күміс жабдықтарын құятын құрал. Қазақ тілінің қолөнер лексикасында *қалып* сөзі тірек болып, 60-қа жуық атауыш тіркеске тірек болып, олардың екінші сыңары ретінде қатысады екен [9, 294б.].

Арнаулы лексикадағы сөздер жалпы қолданыстағы сөздердің бірқатар семантикалық өзгеріске ұшырауы нәтижесінде байи түседі. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі ғылыми мәтіндерде қолданылуы арқылы жүзеге асады. Бұл сөздердің терминдік мағынасы мен жалпы лексикалық мағынасы арасында байланыс сақталады. Араб тілінде *ليبط* *тибл* сөзі қолмен ұрып ойнайтын музыкалық аспап – барабанның

атауы. Бұл сөз әдеби тілде *дабыл* түрінде «жаугершілікте, жорықта, той-думанда халықты бір жерге жинау үшін қолданылатын аспап» мағынасында белгілі. Сонымен қатар бұл сөз медициналық және әскери термин ретінде де белгілі. *Дабыл жарғағы* медицинада «сыртқы есту жолын ішкі құлақ құрылысынан бөліп тұратын жұқа, серіппелі зат» деген мағынаны беретін анатомиялық атау. Ал әскер ісіндегі *дабыл* – ерекше жағдайда берілетін шартты белгі, сигнал. Музыкалық аспап ретіндегі *дабыл* мен анатомиялық атау ретіндегі медицинадағы *дабыл жарғағы* арасындағы ұқсастық сыртқы түрінде болуы керек. Екеуі де серіппелі, жұқа материалдан жасалған. Екеуі де дыбыс пен күштен тербеліске түседі. Жұқа тері қабатынан тұратын құлақтағы *дабыл жарғағы* орыс тіліндегі *барабанная перепонка* сөзінің әсерінен жасалған калька. Термин жасау творчествосында бұл музыкалық аспаптың әдеби тілде белгіленбеген, көрсетілмеген белгісі – оның қандай материалдан жасалғандығы және серіппелі, тербеліске түсетін қасиетіне мән беріліп, осы семантикалық белгілеріне акцент салынғанын байқаймыз. Ал әскери термин ретіндегі *дабыл* музыкалық аспаптың дауысына, шығаратын дыбысына қатысты пайда болған. Бұл жерде назарға, басшылыққа үн ұқсастығы, музыкалық аспап ретіндегі негізгі қызметі – аспаптың дыбыс шығару қызметі алынған. Осылайша әдеби тілдегі сөздің терминологияға өту кезеңінде бір сөз бірнеше ұғымның атауы, термині болуы мүмкін. Жоғарыда келтірілген лексикалық бірліктер мен терминдерді салыстыру барысында, сөздің терминденуіне ұғымның қамтитын белгілері арасындағы ұқсастықтар негіз, себеп болатынын аңғару қиын емес. Бір сөздің дыбыстық тұлғасының екі не одан да көп терминологиялық өріске ортақ болуы терминологиялық омонимия деп аталады. *Терминологиялық омонимияға* екі ұғымның арасындағы ұқсастықтар (қызметіндегі, түріндегі, сыртқы пішініндегі секілді) себеп болады. Бұл тұрасында «Сөз лексикалық өрістен терминологиялық өріске ауысқанда, жаңа сапаға көшіп, терминге тән қасиеттерді иеленеді. Жалпы лексикалық өрістегі сөзге тән қасиеттерінен айырылады» деген пікірге [10, 126-б.] толығынан қосыламыз. Сөз әдеби тілден терминдік өріске өткенде көп мағыналық, эмоционалды-экспрессивтік, модальдық секілді лексикалық өріске тән қасиеттерінен айырылып, терминге тән қасиеттерге ие болады. «Әдеби тілдегі сөз негізінен жалпылама атаулық қызмет атқарып, ұғымның сыртқы белгілерін



ғана қамтыса, терминнің дефинициясы арқылы ұғымның тиісті ғылымның даму деңгейіне сәйкес анықталған әрі оның терминологиялық өріс ішіндегі алатын орны мен көлемін нақтылай түсетін, сырт көзге аңғарыла бермейтін ішкі белгілері көрсетіледі. Сөздің бастапқы лексикалық мағынасы арқылы көрінетін белгілері мен терминденгеннен кейінгі оған дефинициясында беріліп берілген белгілері сәйкес келмейді» [11, 127-б.]. Осылайша, әдеби тілдегі бір лексикалық бірлік бірнеше терминологиялық өріске қызмет етіп, өзінің мағынасын кеңітіп, байытуы мүмкін. Сөздің терминденуі кезінде оның семантикалық құрылысы өзгереді, сөз әртүрлі семантикалық

трансформацияға ұшырайды, яғни терминнің бір семантикалық дериваты сөздің барлық лексика – семантикалық варианттарына тән қасиеттер мен белгілерді қамтыса, екінші бір термин тек жекелеген семантикалық белгісін, ал үшінші терминде белгілі бір семантикалық қасиетіне акцент жасалып, көзге көріне бермейтін қасиеті басшылыққа алынады [12, 71-б.].

Қорыта келгенде, арнаулы лексика мен жалпы қолданыстағы лексика арасында үлкен айырмашылық жоқ екенін байқадық. Жалпы тілге тән лексика-семантикалық үдерістер (синонимдер, омонимдер, көп мағыналылық) терминологияға да тән.

#### Әдебиеттер

- 1 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. – М.: Наука, 1989. – 246 с.
- 2 Даниленко В.П. Актуальные направления лингвистического исследования русской терминологии. В книге: Современные проблемы русской терминологии. – М.: Наука, 1986. – 198 с.
- 3 Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі. – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
- 4 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: филол.ғ.д.д.с. – Алматы, 1998. – 250 б.
- 5 Айсұлтанова Қ. Қазақ тіліндегі терминжасамның ішкі көздері (филол.ғ.канд.д.с.). – Алматы, 2003. – 123 б.
- 6 Виноградов В.В. Русский язык (Грамматическое учение о слове). – 2-ое издание. – М.: Высшая школа, 1972. – 614 с.
- 7 Құрысжанов А. Арабо-персидские элементы в куманском языке // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 4-басылымы, 1962.
- 8 Реформатский А.А. Введение в языкознание. – М., 1952. – 431 с.
- 9 Шойбеков Р. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы: филол.ғ.д.д.-ры дисс. – Алматы, 2006. – 321 б.
- 10 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
- 11 Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971. – 188 б.
- 12 Жубуева Ф.Х. Семантические изменения литературных слов в процессе их терминологизации // Актуальные вопросы русской лексикологии и терминологии. – Алма-Ата: КазПи им. Абая, 1986. – С. 67-71.

#### References

- 1 Superanskaya A.V., Podolskaya N.V., Vasyliyeva N.V. Obshaya terminologiya: Voprosy teorii. – М.: Nauka, 1989. – 246 s.
- 2 Danylenko V.P. Aktualnye napravleniya ligvistycteskogo issledovaniya russkoi terminologii. V knige: Sovremennyye problemy russkoi terminologii. – М.: Nauka, 1986. – 198 s.
- 3 Aitbaiuly O. Qazaq sozi. – Almaty: Rauan, 1997. – 240 b.
- 4 Qurmanbaiuly Sh. Qazaq leksikasynyn termindenu urdisi: filol.g.diss. – Almaty, 1998. – 250 b.
- 5 Aisultanova Q. Qazaq tilindegi terminzhasamyn ishki kozdery (filol.g.kand.diss.). – Almaty, 2003. – 123 b.
- 6 Vinogradov V.V. Russkii yazyk (Grammatycteskoe uchenye o slove). 2-oe izdanye. – М.: Vysshaya shkola, 1972. – 614 s.
- 7 Quryszhanov A. Arabo-persidskie element v kumanskom yazyke // Qazaq tili tarihy men dialektologiasynyn maseleleri. 4-basylymy, 1962.
- 8 Reformatskii A.A. Vvedenye v yazykoznanie. – М., 1952. – 431 s.
- 9 Shoibekov R. Qazaq tilinin qoloner leksikasy: filol.gyl.d-ry.diss. – Almaty, 2006. – 321 b.
- 10 Qurmanbaiuly Sh. Qazaq terminologiasy damuynyn kezendik sipaty. – Astana: Elorda, 2002. – 184 b.
- 11 Abilqasymov B. Algashqy qazaq gazetterynin tili. – Almaty: Gylym, 1971. – 188 b.
- 12 Zhubueva F.H. Semantycteskiye izmeneniya literaturnyh slov v protsesse ih terminologizatsii // Aktualnye voprosy russkoi leksikologii y terminologii. – Alma-Ata: KazPi im. Abaya, 1986. – S. 67-71.